

[3] Талип Абдулла. Ұйғур мариши тарихиди очеркләр. – Үрімші, 1998. –133 б.

[4] Төлегенұлы С. Азаттыққа дейінгі елімізде қазақ тіліндегі ақпарат-баспасөз тарихына шолу // Шыңжаң қоғамдық ғылымы. – 1991, № I, 65-6.

[5] Махмуд Заииди. Шыңжаң Ұйғур тили вэ унин имлеси ұстидики издиниш, тәтқиқәт һәм муһәппәқийәтлә // Тил вэ тәржимә. – 1995, № 6.

[6] Хәмәт Сәмәт. Ұйғур тилидики созук тавуш фонимилиринин тарихий тәрақияты вэ уларниң йезикта ипадә килиши тоғрисида дәсләпки издиниш // Тил вэ тәржимә. –1993, № 4, 20-6.

[7] Абаукиим Хожа Ғарби иурт вэ Қадимки мәднийәт. –Урумчи. 1995. – 318 б.

[8] Жәлелханұлы М. Ана тілім ардағым. Ұлттар баспасы. – Пекин, 2010ж., 190-203 бб.

[9] Қытай энциклопедисы. тіл-жазу томы. – Пекин: Энциклопедия баспасы, 1988. –126 б.

[10] Жәлелханұлы М. Ана тілім ардағым. – Пекин: Ұлттар баспасы., 2010, 190-203 бб.

[11] Қазіргі қазақ тілі. – Шыңжаң Радио педагогикалық университеті, 1980 ж., 45-46 бб

МРНТИ 16.21.55

### А.А.Солтанбекова

А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты, филол.ғ.к.

## ҚАЗАҚ ТІЛІНДЕГІ ПЕРИФРАЗДАРДЫҢ ҚОЛДАНЫСЫ ЖАЙЫНДА

**Аннотация:** Перифраздың тілдік ерекшелігі мен стилистикалық табиғатын ашу тіліміздің көркемдік-бейнелеуіш құралдарға бай екендігін тағы бір көрсетеді. Сонымен қатар перифраздардың синтаксистік-семантикалық бірлік екендігі синтетикалық және аналитикалық тәсілдер арқылы жасалатын формалары арқылы танылады. Перифраз тіліміздегі еркін тіркеске құрылған сөздерден ерекшелігі ол өзінен кейін тұрған сөзді анықтауға толықтыруға дайын тұрады әрі перифраздық тіркестер жай тіркестерге қарағанда саны шектеулі. Перифраздардың тілдегі қолданысы көркем тілдің табиғатын тани түсуге, дәстүр мен жанашылдықтың қатынасын, автордың көркемдік әлемін, жоғары көркем сөз мәдениетінің күрделі дамуын түсінуге көмектеседі.

Мақалада перифраздардың құрылымдық және семантикалық ерекшелік-тері сипатталды. Грамматикалық перифраздардың тіркесім түрлері көрсетілді.

**Тірек сөздер:** перифраздар, фразеологизмдер, перифраздық бірліктер, грамматикалық перифраздар

### А.А. Солтанбекова

научный сотрудник Института языкознания имени А. Байтұрсынова, канд.  
филол.н., Алматы, Казахстан

## ОСОБЕННОСТИ УПОТРЕБЛЕНИЯ ПЕРИФРАЗЫ В КАЗАХСКОМ ЯЗЫКЕ

**Аннотация.** Языковые особенности и стилистические особенности перифраза еще раз подчеркивают, что наш язык богат художественно-изобразительными средствами. Вместе с тем, синтаксическая семантическая единица перифразы представляет собой синтетические и аналитические формы. В отличие от слов, сформированных на языке перифраза в свободном сочетании, он готов дополнить слово, которое стоит за ним, и перифразные сочетания ограничены в количестве, чем простые фразы. Использование перифразов в языке помогает познать природу художественного языка, понять взаимосвязь традиций и новизны, художественный мир автора, сложное развитие культуры высокохудожественного слова.

В статье описываются структурные и семантические перифразы. Типы комбинаций грамматического перифраза. Также были показаны виды сочетаний грамматических перифразов.

**Ключевые слова:** перифразы, фразеологизмы, перифрастические единицы, грамматические перифразы

**A.A. Soltanbekova**

Researcher at the A. Baitursynov Institute of Linguistics,  
Candidate of Philological Sciences, Almaty, Kazakhstan

## FEATURES OF PERIPHRASE USE IN KAZAKH LANGUAGE

**Annotation.** Language features and stylistic features of the periphrasis once again emphasize that our language is rich in artistic and visual means. At the same time, the syntactic semantic unit of the periphrasis represents synthetic and analytical forms. Unlike words formed in the language of periphrasis in a free combination, it is ready to complement the word that stands behind it, and peripheral combinations are limited in number than simple phrases. The use of periphrases in the language helps to understand the nature of artistic language, to understand the relationship between tradition and novelty, the artistic world of the author, and the complex development of the culture of highly artistic words.

Structural and semantic periphrases are described in the article. Types of combinations of grammatical periphrasis. The types of combinations of grammatical periphrasis were also shown.

**Keywords:** periphrases, phraseological units, periphrastic units, grammatical periphrases

Перифраз дегеніміз белгілі бір затты, құбылысты тікелей атамай, сипаттап жеткізу. Кейде перифраз стилистикалық тұрғыдан қажет, бірақ артық кетіп қалған тұстары да кездесіп жатады.

Прозада перифраздар көп қолданылмайды, әсіресе ақындар сөзді құлпырту үшін көп қолданады, кеңінен танымал жаңа бір сөзге сипаттама беру үшін және ескі бейнеге жаңа мағына үстеу үшін талпынады.

Перифраз термині Ескі Грекиядан енген термин. «тура айтпай жанамалап

жеткізу» («пери» – айналасында, «фразо» – айту). Белгілі бір зат немесе құбылыс ассоциация құбылысы немесе тұспалдап айтуды білдіреді.

Тілдегі перифраздарды түрлі қолданысы мен негіздемесіне қарай топтастыруға болады. Ең бірінші, перифрастық сөзді мақсатты түрде грамматикалық негізіне қарап топтастырған жөн. В.П.Москвиннің айтуы бойынша перифраздардың қолданысының жиілігіне қарай сөз табының қатысты типологиялық ерекшелігі бар. Ол дегеніміз, перифрастық бірліктердің грамматикалық құрылымын көрсету. Сөз таптарына қатысты перифраздардың субстантивті және етістікті сияқты түрлерге бөлінеді.

Ғалым Ө.Айтбайұлы қазақ тіліндегі перифраздардың қолданысын, табиғатын тілдегі статусын анықтай отырып мынадай анықтама береді: «Перифраз дегеніміз – затты, процесті, құбылысты өз атымен атамай, басқаша атау әрі соның негізінде олардың ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, оларды бейнелі түрде сипаттау, анықтау» [1]. Яғни белгілі бір затты тура мағынада атамай, тұспалдап ауыспалы мәнде жұмсау. Бұл жағынан троптың түрлеріне, фразеологизмге жақындығын көреміз.

Ғалым өз еңбегінде перифраздардың грамматикалық мағыналарына қарап, ең бірінші есімді және етістікті перифраздар деп бөліп қарастырады. Құрамына қарай яғни сөздердің компонентін ескере отырып, екі мүшелі, үш мүшелі және көп мүшелі перифраздар деп топтайды.

Академик Р.Сыздық қазақ тіліндегі оның ішінде Абай тіліндегі перифраздарға тоқталып, көріктеу құралдарының ішінде көп айтыла бермейтін троптардың бір түрі осы перифраз екендігін баса айтады, себебі тілдегі біртектес троптық категорияларды бір-бірінен дәл ажыратып беру деген сияқты нақтылықтың жоқтығы дейді ғалым. Өзінің «Абай шығармаларының тілі» еңбегінде өмірді «бұлдыр заман», «қайта айналмас, жанғырған бұлдыр заман», «сұм жалған», «қайран дәурен» сияқты тіркестермен әсерлеп бейнелеу немесе перифраздау үлгісін көреміз [2]. Мұнда зат есім+сын есім моделі бойынша жасалған есімді тіркестер. Әрі еркін, әрі көркем, әрі бейнелі құрылған тіркес.

Тағы бір мысал келтіре кеткен жөн. Мысалы, Елбасымыздың есімін баспасөз беттерінде болсын жалпы ауызекі тілде де тікелей атамай «елбасы», «ұлт көшбасшысы», «әлемдік деңгейдегі мемлекеттік қайраткер» деген секілді тіркестермен ауыстырып, ресми түрде қарата, синонимдес сөздермен алмастырыла айтылып жүр. Бұл жердегі мақсат перифраздық тіркестерді президенттің атын қайталай бермес үшін немесе стильдік мақсатта ғана қолданылып тұрған жоқ, Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан тарихында алатын орнының ерекше екендігін, құрмет пен илтипаттың басымдығын көрсетеді. Автордың мадақтай отырып, мақтануын көрсететін перифраздарды тілдік құрал ретінде ұтымды қолданған.

Грамматика саласында перифраз терминін қолданудың ертеден келе жатқан дәстүрі бар. Мұның себебін тілдің синтетикалық тұлғаларымен қатар суреттемелі аналитикалық тұлғалардың болуына байланысты деп түсіндіріп, Н.Оралбаева [3, 11] қазақ тілі грамматикасындағы етістіктің аналитикалық түрлерін «етістіктің *перифрастикалық* формалары» деп талдап көрсетеді. Айталық *ойлану* дегенді *ойға шому деу*, *ұйықтау* дегенді *ұйқыға кету* деп өзгертуді, сондай-ақ қосымша мен көмекші етістіктің мағыналас болуын жатқызады: *жәрдемдес* деудің орнына *жәрдем ет*, *жымыңдады* деудің орнына *жымың етті*, *кездесті* дегенді *кез болды* деген сияқты етістіктің тұлғалары болады.

Түрік тілдеріндегі етістіктің перифрастикалық түрлері жайында еңбектер де өте көп [4, 13].

Перифраздарды топтастыруда түрлі ерекшелік бар екенін аңғаруға болады. Субстантивті перифраздар құрылымының синтаксистік үлгісі төмендегідей: сын есім + зат есім: Ақ ұлпа, ақ көрпе дегендер аппақ қардың перифраздық атауы. Ал «қара сиыр» мен «қызыл сиыр» тұрмысқа қолданылатын қазан-ошақ пен оттың перифраздық атаулары, тура айтпай келтірінді мағына үстеп тұр. Перифраз болу үшін белгілі бір заттың, құбылыстың қасиетіне сүйену қажет.

*Ақ ұлпа* қылаулап,

Жауады жанды баурап.

Алаңсыз асыр салып,

Келеді-ау алғым аунап (Қалқаман Сарин).

Ақ жаялық. Ақ көрпе. Ақыр-соңы – Ақ кебін...

Ақ жаялық үстінде – інгәлаған сәттерім.

*Ақ көрпенің* астында – аймаласқан айлы түн,

Ақ кебіннің ішінде – әлдилеген тәтті өлім... (Алмас Темірбай).

*Қара сиырым* қарап тұр,

*Қызыл сиырым* жалап тұр (Жұмбақ).

Бұл мысалдан көретініміз перифраздар екі мүшелі ешбір жалғаусыз әрі құлаққа сіңіп қалған, тұрақталған. Бұл тіркестің екінші мүшесіне тәуелдік жалғауы жалғанып жасалынғанын аңғаруға болады.

Етістік тіркесті перифраздардың үлгісіне бірер мысал келтіре кетсек: *көз жұму*, *демі үзілу*, *қанаты қырқылу*, *ажал айдап* т.б.

*Үйірінен адасқан тентек едің*, *Тентегім-ай, үзілді ерте демің* (М.Мақатаев). Зат есім + етістік моделімен жасалған, екі мүшелі перифраздан бір мүшесі тәуелдік жалғауының жалғануы арқылы жасалып тұр.

*Елордада қатерлі ісіктен көз жұму 0,5 пайызға төмендеді* (inform.kz). Екі мүшелі етістікті перифраздар да есім перифраздары сияқты, яғни есім мүшесі негізгі мағынада тұрса, етістік мүшесі туынды мағынада жұмсалады. «зат есім + етістік» моделінің бірнеше құрылымдық түрі бар: 1)»зат есім + көсемше «

*Бір Шымшық торға түсті соры қайнап,*

*Барды ма, кім біледі, ажал айдап.*

*Бәлені қаза менен қайда деме,*

*Ғаріп боп, отыр сорлы көзі жайнап.*

Бірінші есім мүшесі өз мағынасында тура мәнде жұмсалса, екінші етістікті мүшесі туынды мағынада жасалып тұрғанын көреміз.

*Қан суынған, жүрек солғын соғады.*

*Қыран құстың қос қанаты қырқылды,*

*Күндей күшті, күркіреген ел тынды* (М.Жұмабаев).

«Зат есім (тәуелдік ж.)+ етістік» моделі арқылы жасалған перифразда бірінші есімді тіркес өз мағынасын, тура мәнде жұмсалып тұр.

«Зат есім+зат есім+ етістікті үш мүшелі перифраздық модельге құрылған бірнеше мысал келтірсек:

*Тіл – тас жарады, тас жармаса, бас жарады* (мақал).

*Біріншісі – еңгезердей, тау тұлғалы жігіт те, екіншісі – шынашақтай көзінен от шашқан біреу екен* (Бекен Қайратұлы, [egemen.kz](http://egemen.kz)).

*Түн пердесін жамылу*

*Жазғы түн пердесін жаспқанда,*

*Бір жұлдыз жанады аспанда.*

*Сол менің көрінген үмітім,*

*Сол менің көңіліме ақ сәуле шашқан да.*

«Сын есім+зат есім+ сын есім+ зат есім» моделіндегі көп мүшелі перифраздар:

*Ақ халатты абзал жан*

*Біздің бүгінгі кейіпкеріміз де – ақ халатты абзал жан. Өнегелі отбасынан тәлім-тәрбие алған, жастайынан қызмет жолында тек алғаны абырой-алғыс Құралай Әнуарқызы Әлжанованы біздің облыста білмейтін жан жоқ десе де болғандай. (www.kazgazeta.kz).*

«Зат есім+зат есім+ сын есім+етістік» моделіндегі көп мүшелі перифраздар

*Төбе шашы тік тұру*

*Суыт хабарды естіген ақтөбеліктердің төбе шашы тік тұрды.* Бұл мысалдан көретініміз толық бір сөйлем болып тұрғандығы. Құрылымы жағынан алуан түрлі. Бірақ құрамалас сөйлемнің бір құрамдас бөлігі болғанымен толық мәнді барлық мүшелері қатысқан тиянақты ойды білдіріп тұрған жоқ. Сондықтан көп мүшелі етістікті перифраздарға жатқызамыз.

Перифраздың грамматикалық ерекшеліктері фразеологизм сияқты. Яғни грамматикалық өзгерістер перифразбен де, фразеологизмнің синтетикалық тәсілімен де, аналитикалық тәсілімен де (синтаксистік) жасалады. Қазақ тіліндегі перифраздардың сыңарларының бір-бірімен байланысу тәсілі сан алуан болып келеді. Тіліміздегі еркін сөз тіркестері тәрізді перифраздық тіркестер де өздерін қоршап тұрған басқа сөздермен үнемі байланысқа түсіп отырады. Дегенмен еркін сөз тіркестеріне қарағанда, перифраздардың басқа сөздермен байланысып, тіркесу мүмкіншілігі шектеулі.

Тіл білімінде Потебня А.А.: «перифраза дегеніміз – суреттеу атау» («перифраза – описание») [5, 217] деп анықтама береді. Швейцариялық ғалым Ш.Балли перифразаға берген анықтамасында «қайта айтып беру, қайтып айтып берудің кеңейтілген түрі» [6, 125]. Қазақ тіл білімінде осы ойды айтқан З.Қабдолов «қайта айтып беру» [7, 242] дейді; Ө.Болғанбаев өзінің «Синонимдер сөздігі» атты оқулығының кіріспесінде перифразға былайша сипаттама береді: «Синонимдерді қолданудың тағы бір тәсілі – парафраза. Мұны кейде перифраза деп те атайды. Бұл сөздің мәнісі жеке сөздің орнына оның түсінігін сипаттап беру [8, 5] дейді. «Қазақ тілі. Энциклопедиясында» перифразаға: «Перифраза (ағылшын paraphrase) – сөздің бейнелі мағынада қолдану тәсіліне жататын көркем троптың бір түрі. Перифраза затты, процесті, құбылыстың ең негізгі бір қасиетін келтірінді мағынада қолдана отырып, соны образды түрде сипаттау, анықтау» [9, 259] деп анықтама берілген.

Жалпы перифраздардың қолданысы тілімізді байытып, орынсыз айтылмайтын, дөрекі естілетін тіркестерді жайлап-жапсарлап, жеңілдетіп, сыпайы жеткізу үшін қажет деп ойлаймыз. Бұл перифраздарды сөзді қолдану тәсілдерін барынша меңгерген, қазақ сөзінің құдіретін ерекше жүрекпен сезінген адам ғана қолдана алады.

## ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ:

[1] Айтбайұлы Ө. Қазақ фразеологизмдері мен перифраздары. – Алматы: «Абзал-Ай», 2013. – 400 б.

- [2] Сыздықова Р.Ф. Абай шығармаларының тілі. – Алматы: Жазушы, 1968. – 235 б..  
[3] Оралбаева Я. Қазақ тіліндегі етістіктің аналитикалық форманттарының полисемиялық мағынасы. – Алматы: Ғылым, 1979. – 155 б..  
[4] Апресян Ю.Д. Апресян Т.А. Об изучении смысловых связей слов // Иностран- ный язык в школе, 1970, №4.  
[5] Потебня А.А. Из записи по теории словесности. Харьков, 1905 – 217 б..  
[6] Қабдолов З. Сөз өнері. Алматы, «» 1976 – 345 б..  
[7] Болғанбаев Ә. Синонимдер сөздігі. Алматы «» 1975 – 284 б..  
[8] Қазақ тілі. Энциклопедия. Алматы. Қазақстан республикасы Білім, Мәдениет және денсаулық сақтау министрлігі, Қазақстан даму институты, 1998 – 420 б.

МРНТИ 16.21.31

**Х.С.Мухамадиев**

Ассистент-профессор, к.ф.н. Satbaev university  
г.Алматы, Қазақстан

### **ФАКТОРЫ, ВЛИЯЮЩИЕ НА ВЫБОР И РАЗВИТИЕ ПИСЬМА (к вопросу о переходе казахского языка на латинский алфавит)**

**Аннотация:** В связи с переходом казахского языка на латинский алфавит, в статье рассматриваются факторы, воздействующие на исторический выбор письма различными народами, а также различные типы и системы письма. Особое внимание в статье уделено латинице, которая превалирует в мире и, по существу стала мировым алфавитом. По мнению автора, введение латиницы позволило бы казахстанскому обществу в большей степени интегрироваться с тюркоязычными народами и влиться в мировое информационное пространство.

В статье рассматриваются факторы, влияющие на выбор и развитие письма. Каждая система письма характеризуется её назначением (функцией), её типом, например, слоговым или буквенно-звуковым, а также буквенным составом, значением, формой и основными принципами применения письменных знаков.

**Ключевые слова:** латиница, графика, буква, звук, система письма.

**Х.С. Мухамадиев**

Ассистент-профессор, филол.ғ.к. Сәтбаев университеті,  
Алматы, Қазақстан

### **ЖАЗУДЫҢ ТАҢДАУЫ МЕН ДАМУЫНА ӘСЕР ЕТЕТІН ФАКТОРЛАР (қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесі)**

**Аннотация.** Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруге байланысты мақалада әртүрлі хаттардың тарихи таңдауына әсер ететін факторлар, сондай-ақ әртүрлі жазу және жазба жүйелері қарастырылады. Мақалада латын алфавитіне ерекше көңіл бөлінеді, ол әлемде басым, ал шын мәнінде әлемдік алфавит болды. Автордың айтуы бойын-